БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 185 (9247) | 1953 жылғы 15 сентябрь Сейсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы туралы *ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР*

Жақында Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы болды.

1. Пленум ССРО-ның ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасын тыңдап, талқылады және тиісті қаулы қабылдады.

2. Пленум Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретарлығына Н. С. Хрущев жолдасты сайлады.

ССРО АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ОНАН ӘРІ ӨРКЕНДЕТУДІҢ ПРОГРАММАСЫ

Бүгін «Правдада» Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы туралы Информациялық хабар және Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасы бойынша Пленум қабылдаған «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулы жарияланды.

Коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте партия және еліміз үшін, бүкіл совет халқы үшін бұл қаулының бірінші дәрежелі маңызы бар. Онда ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің түбірлі мәселелері шешілді, оның барлық салаларын жедел өркендету, ауылшаруашылық өнімдерінің өндірісін мықтап ұлғайту жолдары көрсетілген.

Коммунистік партияның басшылығымен құрылып, нығайтылған ССРО социалистік ауыл шаруашылығы қуатты индустриялық-техникалық базаға сүйеніп және дүние жүзіндегі ең ірі, механикаландырылған ауыл шаруашылығы болып табылады. Ол ұсақ товарлы шаруа шаруашылығынан, сол сыяқты, ірі капиталистік ауылшаруашылық өндірісінен өзінің артықшылығын айқын дәлелдеп көрсетті. Колхоздардың қазіргі заманғы техникамен қаруланған қоғамдық шаруашылығы үнемі өркендеуде, колхоз құрылысы нығаюда.

Бейбіт жұмыс жылдарындағылай, соғыстың ауыр сындары кезінде жылдарда да социалистік ауыл шаруашылығы өзінің жарқын өмірлік күшін, өзінің халықты азық-түлікпен, ал, жеңіл және тұмақ өнеркәсібімізді шикізатпен барған сайын қамтамасыз ету қабілетін дәлелдеп көрсетті.

Соғыстан кейінгі жылдарда астық өндірісі қалпына келтіріліп, едәуір ұлғайтылды. Біздің еліміз астықпен қамтамасыз етілді. Мемлекетке мақта, қант қызылшасын тапсыру соғысқа дейінгіден едәуір артты.

Колхоздар мен совхоздар соғыс жылдарында мал шаруашылығы ұшыраған ауыр шығынның орнын қыска мерзімде қалпына келтіріп, мал санын едәуір көбейтті. 1945 жылғы июльден 1953 жылғы июльге дейінгі уақыттың ішінде ССРО-да сиыр малы 11,3 миллион, қой мен ешкі 53,9 миллион, шошқа 25,1 миллион және жылқы 6,2 миллион көбейді. Мал шаруашылығын өркендетуде қол жеткен табыстар мемлекетке мал шаруашылығы [illegible] ауылшаруашылығының барлық салаларында даярланған кадрларымыз бар.

Бірақ, ауыл шаруашылығының бірқатар маңызды салаларының артта қалуының басқа да себептері бар, жұмысымыздың кемшіліктерінен, ауыл шаруашылығына басшылықтың кемшіліктерінен туатын себептер, яғни өзімізге байланысты себептер бар».

Ең алдымен, ауыл шаруашылығында қызметкерлерді өндіріс өркендетуге, оның табыстылығын арттыруға материалдық жағынан ынталандыру принципінің — социалистік шаруашылықты жүргізудің түбірлі принциптерінің біреуінің бұзылуы осындай себептердің қатарына қосылады.

Тіпті соғыстан бұрын партиямыз бен үкіметіміз колхоздардың еңбекшілік және мал шаруашылығы өнімдерін міндетті түрде тапсыру мөлшерлерін колхозға бекітіп берілген егістік жердің немесе жер көлемінің әрбір гектарынан есептеу принципін белгілеген болатын. Өзін-өзі ақтаған және өндірісті өркендетуде колхоздардың материалдық ынталылығын туғызған бұл принцип дайындау практикасында бұрмаланылып келді. Жұмысты жақсы істейтін, егіннен мол өнім алатын және мал шаруашылығының өнімділігінің мықтап артуын қамтамасыз ететін әлдиқы қатарлы колхоздарға, әдетте, мемлекетке өнім тапсырудың неғұрлым жоғары нормалары белгіленіп келді.

Мал шаруашылығын өркендетудің, сол сияқты, өсімдік және картоп өндірісінің артта қалуына, деп көрсетілді Пленумның қарарларында, ауыл шаруашылығының бұл маңызды салаларын өркендетуге мемлекеттің жеткіліксіз ынталандыруы едәуір себеп болды. Мал шаруашылығының өнімдерін, картопты және овощты дайындауға, сатып алуға бұған дейін қолданылып келген бағалар колхоздар мен колхозшыларды ауыл шаруашылығының бұл салаларын өркендетуде материалдық жағынан ынталандыруға жеткілікті жағдай туғызбады.

Артельде қоғамдық мүдделер мен жеке мүдделерді дұрыс ұштастыру колхоз өндірісін үздіксіз өркендетудің аса маңызды шарты болып табылады. Ауылшаруашылық артелінің Уставында осылайша белгіленген. Алайда, артельде қоғамдық мүдделер мен жеке мүдделерді дұрыс ұштастыру принципі кей колхозларда бұзылып [illegible] қытта мал шаруашылығы өнімдерінің, картоптың және овощтың дайындау бағалары едәуір арттырылды. Мұның өзі ауыл шаруашылығының бұл салаларын өркендетуге колайлы жағдай туғызды.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы картоп және овощ өндірісін ұлғайтудың зор программасын жасап берді. Таяудағы 2—3 жылдың ішінде картоп және овощ өндірісін қалалар мен өнеркәсіп орталықтары халқының, өнімдерді өңдеуші өнеркәсіптің қажеттерін ғана емес, онымен бірге, мал шаруашылығының картоп және өндегі қажеттерін де толық қанағаттандырарлықтай дәрежеге жеткізіп, ұлғайту міндеті алға қойылады.

Картоп және овощ дақылдары егісін жұмыстауды толық механикаландыруға мүмкіншілік туғызатын шаршы-ұялап егу әдісін кеңінен қолдану бұл дақылдардың шығымдылығын арттырудың аса маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Пленумның қаулысында дөңді, техникалық және майлы дақылдардың жалпы түсімін және товарлы өнімін көбейтуге мүмкіншілік туғызатын нақтылы шаралар белгіленді. Астық шаруашылығы бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі болып табылатынын есте тұтып, Пленум астық шаруашылығын, әсресе, неғұрлым бағалы ауылшаруашылық дақыл — күздік және жаздық бидайдың өндірісін мейлінше өркендету қажет деп таныды.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының қарарларында машина-трактор станцияларының жұмысын мейлінше жақсарту және ауыл шаруашылығын механикаландыруды онан сайын күшейту шаралары белгіленді. Бұл шаралардың ішінде МТС-терде тракторлы механизатор кадрлар жасаудың ерекше маңызы бар. Пленум машина-трактор станцияларында және арнаулы станцияларда тракторшылар, трактор бригадаларының бригадирлері және олардың көмекшілері, экскаваторлардың машинистері және олардың көмекшілері, есепшілер мен мұнай құюшылар тұрақты болып, МТС-тердің штаттарына енгізілуге тиіс деп таныды.

Совет Үкметі мен Коммунистік партия ауылшаруашылық өндірісін механикаландыру дәрежесін барған сайын арттыра беру шараларын қолдануда. 1954 жылдан 1957 жылғы 1 майға дейінгі уақыттың ішінде ауыл шаруашылығына орта есеп-

Егін жыйнау мен астық дайындаудың озаттарына теңелейік!

* * *

Аудан колхоздары Отан алдындағы бірінші парызын өтеді

ҚКП Петропавл аудандық комитетінің секретары Ш. ҚАБДУНАСОВ жолдаспен әңгіме

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің зор қамқорлығына бөленген колхозшы шаруалар Отан байлығы —астық үшін күресте еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде. Быйыл олар бітік егін өсірді. Сөйтіп, колхозшы шаруалар егіннің сабағында тұрған өнімді қазбаға жыйнау жұмыстарын ұлғылы ұйымдастырды. Демек, егін оқ, астық тазалау, тазаланған астықты дереу дайындау пункттеріне жөнелту жұмыстары бір-бірімен тығыз ұйымдастырыла жүргізілді. Барлық техника, адам күші осы мақсатқа жұмылдырылды.

Осының нәтижесінде аудан колхоздары быйыл Отан алдындағы бірінші парыз— мемлекетке астық тапсыру жоспарын өткен жылға қарағанда 13 күн бұрын, 100,5 процент етіп асыра орындады. Осы сияқты, тапсырылған есеп бойынша МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу де жедел жүргізілуде. Колхоздарымыздың мемлекет алдындағы бірінші парызды мерзімінен бұрын өтеу жөніндегі табыстары— партия ұйымдарының егіншілер арасында жүргізген ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмыстарының нәтижесі. Колхоз партия ұйымдары егіншілердің күн сайын өсіп отырған саяси және өндірістік белсенділіктерін үнемі қолдап, олардың социалистік жарысын кеңінен ұйымдастыра білді. Егіс бригадалары мен комбайн агрегаттарында саяси үгітпен барлық құралы: үгітшілердің әңгімелері, саяси тақырыптағы баяндамалар, көрнекі үгіт социалистік жарыста қабылданған міндеттемелерді абыроймен орындау мақсатына бағындырылды.

Бұл жөнінде «Луч Ленина» колхозы партия ұйымының жұмысын мысалға алуға болады. Колхоз коммунистері мен комсомолцтері егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсырудың шешуші участоктерінде тікелей жұмыс істеп, колхозшылар мен механизаторларды қажырлы еңбекке жұмылдырып келді. Коммунистер егіс бригадаларының бригадирлері Девяткин, Фоменко, Левченко жолдастар өз участоктерінде жолдастың сессияда сөйлеген сөзі туралы және басқа тақырыптарда саяси баяндамалар жасау, өндірістік жыйналыстарды өткізу арқылы егіншілерді жаңа табыстарға жұмылдырды.

Комбайн —егін жыйнаудағы негізгі машина. Мұны комбайншылар жете түсініп, егінді мезгілінде және ысырапсыз жыйнап алу жөніндегі социалистік міндеттемелерін ойдағыдай орындауда. Мәселен, Социалистік Еңбек Ері Шварц жолдас «Сталинец—6» қос комбайнымен Сталин атындағы колхоздың мың гектар егінін орды. Кәзір ол Дмитриев атындағы колхоздың егін даласында комбайндардың үздіксіз жұмыс істеуіне жетісін, күнделік тапсырманы еселеп орындауда. Ауданымызда комбайнмен егін жыйнаудың мұндай шеберлері көптеп саналады. Олардың ішінде орденді Михаил Ким, Кулибабов, Афанасьев, Бөженов жолдастар және басқалары бар.

Быйыл колхоздардың басым көпшілігінде астық қырмандарындағы жұмыстар механикаландырылды. Мұның өзі комбайндардан түскен астықтың қолма-қол тазартылып, мемлекет қоймаларына дереу жөнелтілуін қамтамасыз етті. Мәселен, Сталин атындағы колхозда дән тазартқыш машиналар электр қуатымен жұмыс істеді. Колхоз күн сайын мемлекет қоймаларына жүздеген пұт астық жөнелтіп отырды.

Атап айтатын бір мәселе сол —быйыл бірсыпыра колхоздар мемлекетке тапсырылатын астықты өздерінің автомашиналарымен тасыды. Киров атындағы колхоз өзінің екі жүк машинасымен жүздеген центнер астықтың мемлекет қоймаларына жеткізілуін ұйымдастырды. Ворошилов, атындағы, Сталин атындағы, Калинин атындағы колхоздар да астық тасу жұмысына кезігінен өз машиналарын пайдаланды.

Аудан колхоздары егін жыйнау науқанын таяудағы 2—3 күнде аяқтағалы отыр. Колхоздар тұқымдық участоктерді ору жұмысын тыңғылықты ұйымдастыр-

* * *

Үздік табыс

Октябрь ауданындағы «Заря коммунизма» колхозының егін даласында жұмыс істеп жүрген комбайншы Н. Михель жолдас еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп жүр. Ол агрегатта еңбекті дұрыс ұйымдастырып, комбайнның тәулігіне тоқтаусыз 17—18 сағат жұмыс істеуіне жетісін келеді. Мұның өзі күн сайын 12 гектар орнына, 20—25 гектардан егін жыйнап, егіннің әрбір гектарынан 10—15 центнерден астық бастыруға мүмкіндік туғызып отыр.

Михель жолдас бұл табысқа қалай жетті? Ең алдымен ол комбайнға техникалық күтімді уақытылы жүргізіп отырады. Бұл жұмысқа барлық агрегат мүшелері қатыстырылады. Олар жұмыс уақыты басталмастан бір сағат бұрын комбайн мен трактордың барлық бөлшектерін шаң-тозаңнан тазартып, майлайды. Босаған винттері мен гайкаларын нығайтып бұрайды. Комбайнның моторын және астық бастыратын бөлшектерінің жұмыс істеуін бақылайды.

Колхоз басқармасы комбайнның бункерінен астық қабылдауды тыңғылықты ұйымдастырған.

Агрегат мүшелері өздерінің атқаратын жұмыстарын сондай жауаптылықпен қарап, аянбай еңбек етіп жүр.

Осының нәтижесінде комбайншы Михель жолдас 20 жұмыс күнінде 430 гектар егін жыйнап, МТС комбайншыларының өзара социалистік жарысында бірінші орынға ие болды.

Михель жолдас өзінің қажырлы еңбегінің игі нәтижесін көруде.

Кәзіргі күнде Михель жолдас қол жеткен табысты баянды ете отырып, жұмыстың қарқынын еселеп арттыруда.

И. МАХМЕТОВ.

Егін жыйнауды аяқтады

ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының қарарлары мен Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзі Ленин ауданындағы Явленка совхозының жұмысшылары мен механизаторлары арасында зор еңбек өрлеуін туғызды. Совет халқының материалдық жағдайы мен мәдениет дәрежесін арттыра түсуге бағытталған қамқорлыққа жауап ретінде совхоз коллективі социа-

мүмкіндік берді. Колхоз экономикасының барлық жағынан өркендеуімен бірге колхоздардың қоғамдық байлығы өсуде, колхозшылардың жағдайы және заттай табысы көбеюде.

Алайда, ауылшаруашылық өнімдері өндірісінің дәрежесі еңбекшілердің азық-түлік жеңіндегі, ал, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің шикізат жеңіндегі өсіп отырған қажеттерін толық қанағаттандырмайды, ауыл шаруашылығының техникамен жабдықталу дәрежесіне, колхоз құрылысындағы мүмкіншіліктерге сай келмейді.

«Кәзір,—делінді СОКП Орталық Комитеті Пленумының қарарында, —елімізде техника жағынан жетілген қуатты ауыр индустрия жасалып, колхоздар едәуір нығайған кезде, осы негізде ауыл шаруашылығының барлық салалары шұғыл алға басуын қамтамасыз етуге және екі-үш жылдың ішінде елімздің еңбекшілерінің азық-түлік товарларымен қамтамасыз етілуін мықтап арттыруға, мұнымен бірге, барлық колхозшы шаруалардың материалдық әл-ауқатының кетурлым жоғары дәрежесін қамтамасыз етуге керекті жағдайлар бар».

Партияның Орталық Комитетінің Пленумы ірі социалистік ауыл шаруашылығының орасан зор мүмкіншіліктері әлі шамар пайдаланылатынын атап көрсетті. Қонтеген колхоздарда және аудандарда дәнді және техникалық дақылдардың өнімділігі төмен.

Әсересе, мал шаруашылығын өркендету ісі нашар болып отыр. Ауыл шаруашылығының бұл маңызды саласы көптеген колхоздар мен совхоздарда әлі жоғары товарлы және мол табысты салаға айналған жоқ. Соңғы жылдарда мал басының өсуі шабан болып келеді, ал, өнімді сауын сығырлардың саны осы уақытқа дейін соғысқан бұрынғы дәрежеге жеткен жоқ.

Картоп және овощь өндіру ісінде ірі-ірі кемшіліктер бар, мұның өзі қала еңбекшілерін осы өнімдермен жабдықтауды жақсартуға бөгет жасайды.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысында тұтас алғанда ауылшаруашылық өндірісі дәрежесінің жеткіліксіз болуының және ауыл шаруашылығының бірқатар маңызды салаларының артта қалуының себептері ашып көрсетілді.

«Коммунистік партия, —деп көрсетілді Пленумның қаулысында, — халық шаруашылығының барлық салаларын ойдағыдай өркендетудің қажетті шарты ретінде, ауыр индустрияны мейлінше күшейту бағытын дәйектілікпен жүргізіп, бұл жолда аса ірі табыстарға жетті. Бұл бірінші кезектегі халықшаруашылық міндетін орындауға баса көңіл бөлінді, негізгі күштер мен қаржы осыған жұмсалды. Біздің таңдаулы кадрларымыз елімізді индустриялаңдыру ісімен шұғылданды. Ауыр индустрияның да, ауыл шаруашылығының да, жеңіл өнеркәсіптің де бір мезгілде күшті қарқынмен өркендеуін қамтамасыз етуге біздің мүмкіншілігіміз болмады. Бұл үшін қажетті алғышарттар жасау керек болды. Кәзір бұл алғышарттар жасалды. Біздің қуатты индустриялық базамыз, нығайған колхоздарымыз және шаруашылық құрылысы принципті бұзу, үй іргесіндегі шаруашылықтан өнім тапсырудың арттырылған нормаларын белгілеу, салық саясатында колхозшылардың тиесілі шаруашылығы жеңінде болып келген кемшіліктер колхозшы шаруалардың жеке пайдалануындағы мал басының азаюына әкеліп соқты. Мұндай жағдай колхозшылардың мүдделеріне нұқсан келтіріп қана қоймай, оның үстіне социализмнің бүкіл дамуы бойына коллективтік шаруашылықтың бірден-бір дұрыс формасы болып табылатын колхоздардың артельдік формасының сипатын бұрмалауға бастайды.

Мемлекет ауыл шаруашылығын қаруландырып отырған қуатты техниканың мүлде қанағаттанрысыз пайдаланылуы ауыл шаруашылығының өмірлік маңызы бар бірқатар салаларының мықтап артта қалуының басты себептерінің бірі болып табылады. Кәзіргі заманғы күрделі техниканы колхоздар тарапынан машина-трактор станцияларына тек егін жұмыстары уақытында ғана бөлінетін маусымдық механизаторлардың басқаруы сияқты өте қолайсыз жағдай орын тепті.

Ірі социалистік ауылшаруашылық өндірісі күнбе-күн жете басшылық жасалып отырғанда ғана ойдағыдай өркендей алады. Коммунистік партия мен Совет Үкметі колхоздарға, совхоздарға және МТС-терге басшылық ете алатын, оларды өркендетудің жаңа жолымен жүргізетін кадрларды даярлап, тәрбиеледі. Алайда, кадрларды бөлу, жұмысқа орналастыру және пайдалану ісінде елеулі кемшіліктер бар. 350 мың ауыл шаруашылығы мамандарынан колхоздар мен МТС-терде небары 70 мыңдай адам жұмыс істейді, ал, маман қызметкерлердің негізгі кемшілігі әртүрлі кеңселер мен мекемелерде қалып қойды.

Ауыл шаруашылығының көптеген маңызды салаларына жағдайды нашар деп тауып, Коммунистік партияның Орталық Комитетінің Пленумы ауыл шаруашылығының артта қалған салаларын, артта қалған колхоздарды, совхоздары және аудандарды алдыңғы қатарлылар дәрежесіне жеткізуді, сөйтіп, бүкіл социалистік ауыл шаруашылығының мықтап өркендеуін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар ірі-ірі шараларды жүргізуді қажетті және шұғыл міндет деп есептейді.

Коммунистік партияның Орталық Комитеті Пленумының қаулысында ауыл шаруашылығының барлық салаларын өркендетудің кең программасы берілді.

Мал шаруашылығын, ең алдымен қоғамдық мал шаруашылығын неғұрлым тез өркендетудің еліміз үшін зор өмірлік маңызы бар және мұның өзі партия мен мемлекеттің ауыл шаруашылығындағы ең шұғыл міндеті болып табылады. Пленумның қарарларында мал шаруашылығын өркендетудің нақтылы жолдары көрсетілді. Бұл нақтылы жолдар жемшөп өндірісін ұлғайтуды, малды қоралармен қамтамасыз етуді, жемшөп дайындау жұмыстарын және фермалардағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруды, малды төлінен өсіруді жақсартуды және жас төлді түгел сақтауды көздейді. Кәзіргі уақытта 15 аттық күші бар жалпы жұмаға тарта пайдаланылатын кемінде 500 мың трактор және 250 мың тікелей жер жыртуға пайдаланылатын тракторлар беріледі.

Партияның Орталық Комитетінің Пленумы белгілеген шараларды жүзеге асыру партия, совет және ауылшаруашылық ор-ғандарынан колхоздарға, совхоздарға және МТС-терге басшылықты батыл жақсартуды талап етеді.

Өндірісте ғылым мен озат тәжрибені кеңінен енгізу жұмысына басшылық жасай алатын және колхоздарды, совхоздарды және МТС-терді осы негізде алдыңғылар дәрежесіне жеткізе алатын тәжрибесі мол мамандарды және ауыл шаруашылығы ұйымдастырушыларын деревняларға жіберіп, колхоздарды, совхоздарды және МТС-терді маман кадрлармен нығайту керек.

Ауыл шаруашылығы ендігі жерде өзбетімен өркендейді деп ойлау қате болар еді. Ауыл шаруашылығын өркендету үшін жасалып отырған материалдық жағдайлар мен мүмкіншіліктер партия ұйымдарының жұмыстарын жақсартпайынша өзбетімен тиісті нәтиже бере алмайды. Бұл мүмкіншіліктер мен жағдайларды пайдалану үшін партия ұйымдары колхозшылардың, МТС-тер мен совхоз жұмысшыларының қалың бұқарасын басқаруға және оларды ауыл шаруашылығын мықтап өркендету күресіне бастауға тиіс.

Совет елі коммунизмге қарай сеніммен алға басып келеді. Халық шаруашылығының жетекші күші ретіндегі социалистік индустрияның мықтап өркендеуі негізінде біздің елімізде ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасау міндеттерін іс жүзінде шешу коммунистік құрылыс программасының аса маңызды бөлегі болып табылады. Кәзіргі уақыттағы жағдайларда бұл міндет біздің алдымызда аса маңызды, бүкілхалықтық міндет болып тұр. Бұл міндеттің ойдағыдай жүзеге асырылуы жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың одағын онан сайын нығайтуға көмектеседі.

«СОКП Орталық Комитетінің Пленумы, —делінген қаулыда, —барлық колхозшыларды, МТС-тер мен совхоздардың жұмысшыларын ССРО ауыл шаруашылығын барған сайын өркендету міндеттерін орындау үшін өздерінің барлық күштерін жұмылдыруға және творчестволық инициативаларын өрістетуге шақырады.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы Коммунистік партияның басшылығымен жұмысшы табы, колхозшы шаруалар, біздің интеллигенциямыз, барлық совет адамдары бұл міндетті қысқа мерзімде жүзеге асырады деп қатты сенім білдіреді».

Партияның бұл шақыруына бүкіл жұмысшы табының, бүкіл советтік интеллигенцияның, бүкіл колхозшы шаруалардың, совхоздар мен МТС-тердің барлық жұмысшыларының үн қосатындығына күмәнданбауға болады. Ауыл шаруашылығын барған сайын өркендетудің ұлы программасы ойдағыдай жүзеге асырылады!

(«Правданың» осы жылғы 14 сентябрьдегі басмақаласы).

жұмысты тәулік бойы ұйымдастырды. Құрамында 36 адамы бар үгітшілер коллективі егіншілер арасында үгіт- бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетіп, еңбек озаттарының тәжрибесін кеңшіліктің игілігіне айналдырды.

Бұл жұмыстар өзінің игі нәтижелерін берді. Колхоз 2 сентябрь күні мемлекетке астық тапсыру жоспарын ауданда бірінші болып мерзімінен бұрын орындады. Осы сияқты, Сталин атындағы, Киров атындағы, «Красный пахарь», Калинин атындағы колхоздардың партия ұйымдары да егіншілер арасындағы партиялық -саяси жұмысты әсерлі ұйымдастырды.

Сонымен қабат, ауданның басшы партия, совет қызметкерлері астық үшін күрестің дағдыры шешілгі жатқан жерлерде —егіс бригадалары мен комбайн агрегаттарында, астық қырмандарында жиі болып, ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарлары және Г. М. Маленков

ды. Кәзір тұқымдық участоктер толық орылды, онан түскен өнімдер тек жабық қырмандарда сақталуда. Тұқымдық дақылдарды тазарту, колхоз қоймаларына күю жұмыстары қызу жүргізілуде.

Аудан егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру сияқты баска да дала жұмыстарының ойдағыдай орындалуына ерекше назар аударып отыр. Аудан колхоздары кәзгі егіс жоспарының агротехникалық қысқа мерзімде орындалуын қамтамасыз етті. Зябь жырту жұмысы барлық жерде қызу жүргізілуде.

СОКП Орталық Комитеті пленумының ССРО-ның ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы қаулысын ауданның ауылшаруашылық қызметкерлері зор қуанышпен қарсы алды. Партиямыздың бұл қамқорлығына аудан еңбекшілері өздерінің еңбектегі жаңа табыстарымен, ауылшаруашылық жылын үлгілі аяқтаумен жауап береді.

листік жарысқа ұштасып, егін жыйнау мен астық дайындаудың қарқынын еселеп арттырды.

Егін жыйнау, бастырылған астықты тазалау, оны мемлекетке тапсыру бір-бірімен тығыз ұштастырыла жүргізілді. Осының нәтижесінде совхоз егін жыйнауды үлгілі аяқтап, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын артығымен орындап шықты. Егін жыйнауда, әсресе, механизаторлар қажырлы еңбек етті. Алдыңғы қатарлы комбайншылар Чередниченко, Овчинников жолдастар күндік жұмыс тапсырмаларын үнемі 1,5—2 еселеп орындап отырды.

Социалистік жарыс шартын тексере келгенде, № 3 ферманың жұмысшылары бірінші орынға ие болды.

Кәзір совхоз коллективі мемлекетке жоспардан тыс астық тапсыру жұмысын қызу жүргізуде.

Ғ. ТЕМІРБОЛАТОВ.

ЕҢБЕК ЕРІНІҢ ЖАҢА ТАБЫСЫ

Қылаң шектенген таң түн қараңғылығын сырып, жан-жақ алаң-елең көріне бастаған кез. Қалың түскен түнгі шық жер бетінен булана көтеріліп, таңертеңгі тұманға араласқан. Айнала көгілдірлене мұнартып тұр.

Алиакбар бүгін күндегісіндей ерте оянды да шашпан киініп, комбайн тұрған егін алаңына қарай бет алды. Бұл кезде оның комбайнын сүйрейтін «ДТ — 54» тракторының тракторшысы А. Шақабаев осы жаққа қарай келе жатыр еді. Онан әріректе комбайншының көмекшілері мен май құюшы және сабанды шөмелелеп түсірушілер көрінеді. Бәрінің де бетпісы комбайн.

Бұлардың бәрі келе комбайн мен тракторы майлап, бөлшектерін тексере бастады. Әрқайсысы күні бұрын келісін қойғандай әр жұмысты істеп жатыр. Алиакбар мотор маңында жүрсе, оның көмекшісі Жәнгір барабан бөлшектерін тексеріп жатыр. Оның шынжырларына май құйып, винттерінің беріктігін де байқап көреді.

Сағат 6. Жаңа шығып келе жатқан күн бұл кезде түнгі шықты құрғатып та үлгерген еді. Трактор үгіліне ұласқан комбайн моторының үні жер солқылдатқандай. Маңадан бері комбайншының қыймылына көз салып, рульде отырған тракторшы та Алиакбар «жүр» дегендей белгі берді. Ауыр денелі «Сталинец—6» комбайны баяу қозғалып, жүріп кетті.

...Кең дала, ұшы-қыйырсыз егін. Қарыс суйем бастарын көтере алмай тұрған бидай сабақтары қамысты көлдің балапан құрағындай майысып, самал өскен жел мен тынық күнгі теңіз бетіндей толқыйды. Ал, осы алаңның ортасында жүрген комбайн бейне бір теңіз бетінде алыс сапарға жүзіп бара жатқан кеме сияқты.

Ұзын хедердің үстіне қатарлана түсіп жатқан егін пөлотномен бірге жылжып, қабылдау камераларына түсіп жатыр. Енді аз уақыттан соң комбайннан «созыла шыққан гудок даусы естілді. Бұл комбайнан астық алушыларға «бункер астыққа толды» деп берілген хабар еді. Комбайн жүрісі бәсеңдеген кезде ұзын шұмектен таскындай ағылған дән арбалар жәшігіне ілезде толтырылды.

Олар түскі тамақ уақытында да жұмыстарын тоқтатқан жоқ. Өйткені, олар түскі тамақты жұмыс басына алдыратын және кезектесіп тамақтанатын.

Әлгінде ғана жайқалып тұрған егін алаңының үстінде енді тек тау-тау болып үйілген сабан шөмелелері мен қырқылған егін түбірлері ғана қалды...

Алиакбар егін оруды түн ортасына таяу тоқтатты. Өйткені, бұл кезде қалың түскен шық егін сабақтарын суландырып, барабан аппаратының жұмыс істеуіне мүмкіншілік бермеген еді.

—Бүгінгі көрсеткіпіңіз 33 гектар, — деді оған бұл кезде комбайн жанына келген № 13 трактор бригадасының бригадирі Олег Маликов.

* * *

Баян МТС-нің атақты комбайншысы Социалистік Еңбек Ері Алиакбар Асадулаев быйыл да «Баян» колхозының егін даласында жұмыс істеп жүр. Күніне 12 гектар орнына, 25—30 гектар жердің егінін орып жүрген ол кәзірдің өзінде 600 гектардан аса егін орып, 7 мың центнердей астық бастырды.

—Сіздің осындай табыска жетудегі сырыңыз неде? —дедік біз Алиакбарға.

—Үлгілі деп айтып берер тәжрибе менде жоқ,—деді ол күле сөйлеп. —Ал, жұмыс барысы, тәртібі туралы бір-екі ауыз сөз айтуға болады.

Комбайн күрделі машина. Онымен өнімді еңбек ету үшін комбайншының өз мамандығын жете меңгеруі, жұмысты ықыласпен істеуі жеткіліксіз. Ең алдымен, барлық агрегат мүшелерінің ұйымшылдығы күшті болуы керек. Комбайншы. қаншалықты маман, қабілетті болса да ол жұмыс істеп келе жатқан комбайнның барлық бөлшектерінің жұмысын толық бақылай алмайды. Бұл реттерде маған коллектив көмектеседі.

Менің өз тәжрибемдегі баса көңіл бөлетін мәселенің бірі — комбайн маңында жұмыс істейтін барлық адамдарды байқатыш, сезгіш болуға дағдыландыру. Комбайн тетіктерін жақсы білетін комбайншы, оның көмекшісі, тракторшымен қатар астық алушы, сабан шөмелелеуші, май құюшы да комбайнның барлық тетіктерін жете білмесе де, оның ең негізгі бөлшектерімен таныс болуы керек. Осы мақсатпен мен егін орағына кірісерден бұрын агрегатта істейтін осы адамдардың бәрін жыйнап алып, әңгіме өткіземін. Оларды комбайнның негізгі бөлшектерімен таныстырамын. Қандай жағдайда болмасын себептерден жұмыска бөгет келетінін түсіндіремін. Ең ақырында, әрбір адамның өз жұмысын қалай атқару керек екендігін айтамын.

Алиакбар жұмыс үстінде үнемі ізденіп, үйреніп отыратын жаңашыл комбайншы. Ол өз жұмысында кездескен кемшіліктерді келешекте қайталамау шараларын күні бұрын ойлап, бөгетті жою әдістерін іздене жүреді. Мәселен, маусымның алғашқы кезінде бітік шыққан егінді орғанда сабанмен бірге дәннің кетіп қалуы сияқты жағдай кездесті. Бұл егіннің сабаны көп болғандығынан еді. Алиакбар оны болдырмаудың жолын тапты. Дәннің сабанмен бірге кетуін болдырмау үшін ол транспортердің астындағы вентилятордың айналуын бұрынғыдан әлде қайда тездетті. Бұл жағдай желдің күшті болып, сабаннан дәннің толық бөлінін алынуына мүмкіншілік берді.

—Алиакбардың таза аңызда бастырған астығын бірден мемлекет қоймасына өткізуге жарайды, —дейді колхоз бастауыш партия ұйымының секретары Бірімжан Шайпин жолдас.—Өйткені, оның комбайнын астық тазартатын үшінші елеуіш орнатылған.

Асадулаев өзінің жұмыс тәжрибесі жөнінде айтқанда, уақытты дұрыс пайдалануға ерекше тоқталды.

—Комбайнның өнімді жұмыс істеуі — комбайншының қолындағы тетік. Ол үшін комбайншы өз мамандығын толық меңгеріп, жұмысты ұйымдастыру мен уақытты дұрыс пайдалана білуі қажет. Менің жыл сайын айтарлықтай табыстарға жетіп отырғанымның шын сыры, міне, осы,—деді ол сөзінің қорытындысында.

Өнімді еңбек, сапалы жұмыс—міне, бұл —атақты комбайншының жұмыс тәжрибесінің нәтижесі. Сондықтан да Баян МТС-нің коллективі Социалистік Еңбек Ері Асадулаевты орынды мақтан етеді.

Т. КӘКІМОВ,
Преснов ауданы, «Баян» колхозы.

Қой шаруашылығы—мал шаруашылығының негізгі салаларының бірі

Әңгіме қой шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру жөнінде

☆ ☆ ☆ ☆

Шопандарды тұрақтандыру—табыс кілті

ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарлары ауылшаруашылығы еңбекшілерінің, оның ішінде, мал шаруашылығы мамандарының алдына орасан зор міндет қойып отыр. Ол —малдың санын көбейтіп, сапасын жақсартып, одан алынатын өнімдердің молшылығын жасау, сөйтіп, еліміздің жеңіл өнеркәсіптерін шикізатпен қамтамасыз ету.

Біздің ауданның қой өсірушілері сессия қарарларымен жігерлене отырып, қой шаруашылығын өркендетуде елеулі табыстарға ие болды. Кәзір аудан колхоздарында қой өсіру жоспары 101 процент орындалды. Демек, колхоздардың қайсысында болсын қойлардың тұқымын асылдандыру проблемасы негізінен шешілді. Колхоздардың көпшілігінде биязы және жартылай биязы жүнді қойлардың саны 2—3 жылдың ішінде еселеп артты.

Бұл —қой фермаларының маман кадрлармен қамтамасыз етілуінің, олардың тұрақтандырылуының және мал өсіруде зоотехникалық- малдәрігерлік ережелердің батыл қолданылуының нәтижесі.

Қой шаруашылығын барған сайын өркендете беруде фермаларды маман кадрлармен толықтыра берудің, оларды тұрақтандырудың маңызы ерекше. Егер қой фермалары мал өсіруде тәжрибесі бар адамдармен толықтырылып, олардың өнімді жұмыс істеуіне барлық жағдай жасалса, онда жұмыстың табысты болатындығы алдыңғы қатарлы колхоздардың іс тәжрибелерінен айқын көрініп келеді. Қой өсірушілерді тұрақтандыру фермада еңбек етіп жүрген колхозшылардың ынтажігерін арттырады, тәжрибелерін молайтады, жауапкершілігін күшейтеді. Бірақ, мал өсірушілерді тұрақтандыру мәселесі барлық жерде бірдей емес, бұған көңіл бөлмейтін колхоз басшылары да бар. Бұған бір мысал келтірейін. Бұдан екі жыл бұрын Буденный атындағы колхоздың қой фермасында жұмыс істеуші колхозшылар тұрақтандырылмады. Шопандардың, қозы күтушілердің жиі-жиі ауысуына жол берілді. Осының салдарынан малдың күтімі нашарлап, бірсыпыра саулықтар мен қозылар шығын болды. Өткен жылы колхоз басқармасы жаңадан тұрақтандырылуының нәтижесінде ол кемшіліктер жоюды қолға алды. Ата шопан міндетіне Шабадин жолдасты, қозы күтуге оның зайыбы Шабалина жолдасты тағайындап, тұрақтандырды. Бұл игі нәтижесін берді. Кәзірдің өзінде әрбір 100 саулықтан 101 қозы алынып, шығынсыз өсірілді. Бұдан әрбір қойдан екіжарым килограмнан жүн қырқылды. Бұл фактілер мал шаруашылығында жұмыс істейтін адамдарды тұрақтандырғанда ғана мал өсіруде оның өнімділігін арттыруда айтарлықтай табысқа жетуге болатындығын дәлелдейді.

Алайда, біздің ауданның кейбір колхоз-

Қызыләскер асыл тұқымды қой совхозында.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) 1. Аға шопан — коммунист Сатыбай Жақыпбеков жолдас. 2. Малдәрігері Т. Игнатченко, аға шопан Есімсейт Жаппейісовтың отарында профилактикалық емдеулер жүргізіп жатыр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Біздің тәжрибеміз

Қой шаруашылығы —мал шаруашылығының негізгі бір саласы болып есептеледі. Сондықтан біздің колхоздың мал өсірушілері қой шаруашылығын өркендету, оның саны мен сапасын бірдей арттыру мәселесіне жылма- жыл ерекше көңіл бөліп келеді. Өткен жылы колхозда қой өсіру, оның өнімін арттыру жөніндегі жоспарлар артығымен орындалды.

Шопандар өткен жылдың қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, быйыл бұдан да зор табысқа жетуге серт бергенді. Олар алған міндеттемелерін орындау күресінде аянбай еңбек етіп келеді. Осының нәтижесінде кәзірдің өзінде колхозда қой өсіру жоспары 120 процент орындалып, әрбір қойдан орта есеппен 3 килограмнан биязы және жартылай биязы жүн алынды.

Бұдан 3—4 жыл бұрын біздің фермада биязы және жартылай биязы жүнді қойлар өте аз еді. Ал, кәзіргі уақытта қойлардың барлығы биязы жүнді. Біз осы табысқа қалай жеттік? Мен соған тоқтамақпын.

Колхоз мал өсірушілері мал шаруашылығының мамандарымен бірлесе отырып, жүнді мол беретін биязы жүнді қой шаруашылығын өркендетудің нақтылы шараларын белгіледі. Фермаға асыл тұқымды биязы жүнді қошқарлар сатып алынды.

Қойларды шағылыстырудың әдісін біздің шопандарымыз кәзірдің өзінде толық игерп отыр. Саулықтарды қолдан ұрықтандыру стандартты түрде салынған арнаулы пункттерде өткізіледі. Біз ең алдымен бұл нұқанға тыңғылықты әзірленемізі. Қойларды шағылыстыратын пункттерді дайындауды ерте күннен қолға аламыз. Фермада «алтай мериносы» деп аталатын асыл тұқымды қошқарлар бар. Бұлар етті, әрі жүнді келеді. Қошқарларды күтуге тәжрибелі шопан Михамаев жолдаска тапсырылған. Ол қой шағылыстыру маусымына 40—50 күндей уақыт қалғанда қошқарларды көк шөппен және концентраттен азықтандырады.

Өткен жылы саулықтарды қолдан ұрықтандыру сентябрь, октябрь айларында өткізілді. Мұның өзі саулықтардың қысыр қалмауына және қозылардың бір мезгілде алынуына, олардың шығынсыз өсірілуіне толық жағдай жасады.

Бірақ, қой шағылыстыру маусымын ойдағыдай өткізумен іс бітпейді. Демек, бұл табысқа жетудің бастамасы ғана. Шағылыстыру науқаны өткеннен кейін біз қысқы маусымды үлгілі өткізуге барлық жағдайын тыңғылықты әзірленеміз. Қойлар-

Қой шағылыстыру туралы

Партиямыздың XIX съезінің қарарларында, әсресе, биязы және жартылай биязы жүнді қой шаруашылығын өркендетуге, одан алынатын өнімді еселеп арттыруға айырықша көңіл бөлінді. Бұл міндетті орындау үшін ең алдымен қойдың санын және сапасын арттыру керек екендігі мәлім.

Қой шаруашылығын өркендетуде төл алу маусымын үлгілі ұйымдастыру маңызды міндеттердің бірінен саналады. Сондықтан қой шағылыстыру маусымын зоотехникалық ережелерге сай ұйымдасқан түрде өткізу қажет.

Біздің облыстың ауарайының жағдайында февраль, март айларында алынған қозылар өсімтал, суыққа төзімді келеді және олардан алынатын жүн жазды күні туған қозылардан өл де қайда көп болады. Төл алу маусымын осы кезде ұйымдастыру үшін қойларды шағылыстыруды сентябрь, октябрь айларында ұйымдастырған жөн. Бұл кезде саулықтардың қоңы өте жақсы болады. Мұның өзі саулықтардың қысыр қалмауына мүмкіндік туғызады.

Облысымыздың көптеген колхоздары мен совхоздары қойларды шағылыстыруды ноябрь, декабрь айларында өткізіп жүр. Бұл кезде ауарайының суықтығына байланысты кейбір саулықтардың қоңы төмендей бастайды да қысыр қалады. Бұл жағдайды мен өзімнің іс-тәжрибемнен көрген болатынмын.

Мен 4 жыл бойы Қызылөскер қой совхозында қызмет істедім. Сонда, демек, 1950 жылы совхоз қой шағылыстыру науқанын ноябрь, декабрь айларында өткізді. Сонымен қозы алу 20 мартта басталып май айында аяқталды. Жас қозылар көктемгі салқын желді көтере алмай ауруға шалдығып, шығынға ұшырады. Бұл жылы саулықтардың 23,3 процент қысыр қалды. Мұның ақыры әрбір 100 саулықтан небары 56 қозы алуға әкеліп соқты.

1951 жылы қой шағылыстыруды 1950 жылғыдан бір ай бұрын ұйымдастырып, төл алу маусымын 10 мартта 15 апрельге дейін өткіздік. Мұның өзі қозылардың шығыны 1950 жылғыдан көп кемуіне және әрбір 100 саулықтан 27 қозы артық алынуына мүмкіндік берді. Февраль, март айларында алынған қозылар суыққа төзімді болды, шығын болмады. Бұл фактілер қой шағылыстыру маусымын кезінде өткізудің қажет екендігін көрсетеді.

Мен облысымыздың ауа райының жағдайына байланысты саулықтарды шағылыстыру маусымын 15 сентябрьден бастап,

Биязы жүнді қойды көбейте берейік

Партиямыздың XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында қой шаруашылығын өркендету, одан алынатын жүнді бесжылдықтың аяғында екі-екіжарым есе, оның ішінде, биязы және жартылай биязы жүнді тәрт-тәртжарым есе молайту міндеті атап көрсетілді. Бұл міндетті орындауда биязы жүнді қой шаруашылығын өркендетудің маңызы ерекше зор.

Булаев Госплемрассадникінің қамтуындағы колхоздарда биязы және жартылай биязы жүнді қой шаруашылығын өркендету кең өріс алып келеді. Оларда быйыл мемлекетке тапсырылған барлық жүннің 99 проценті биязы және жартылай биязы жүн болды. Ал, Булаев ауданының «Красное знамя», «Вторая пятилетка» колхоздары мемлекетке тек қана биязы жүн тапсыруға жетісті.

Алайда, облысты тұтас алғанда биязы және жартылай биязы жүнді қой шаруашылығын өркендету міндетін толық шешіп отырмыз деп айта алмаймыз. Облыстағы көптеген колхоздар мен совхоздар әрбір қойдан алынатын жүннің мемлекеттік тапсырмасын орындай алмай келеді. Биязы және жартылай биязы жүнді қойдың санын көбейтіп, одан алынатын өнімді молайту үшін қандай шараларды жүзеге асыру керек.

Бұл үшін алдымен қойлардың тұқымын асылдандыру қажет. Біздің облысымыздың жағдайында «алтай мериносы» деп аталатын биязы жүнді қойларды өсіру өте тиімді. Өйткені, бұлар суыққа төзімді, өсімтал, әрі жүнді көп береді. Госплемрассадник өзінің қамтуындағы колхоздарда қойлардың тұқымын асылдандыру мақсаты мен быйыл Алтай өлкесінен «элитті» деп аталатын 106 асыл тұқымды қошқар сатып алды. Бұл қошқарлардың салмағы ауыр және оның өркайсысынан 8—13 килограмнан биязы жүн алуға болады. Бұлар Булаев және Конюхов аудандарының колхоздарындағы саулықтарды қолдан ұрықтандыру пункттеріне бөлінгін берілді.

Қойлардың тұқымын асылдандыру — биязы және жартылай биязы жүнді қой шаруашылығын өркендетудің бастамасы ғана. Мұнымен бірге тағы да көңіл бөлетін мәселенің бірі —төл алуды дұрыс ұйымдастыру болып есептеледі. Ғылым мен тәжрибе төл алу маусымын февраль, март айларында өткізгенде қозылардың шығынсыз өсетіндігін, олардың өсімтал болып жүнді мол беретіндігін дәлелдеді. Біздің облыста төл алу маусымын осы көрсімде өткізген өте орынды.

Кәзір мал қыстату маусымына әзірліктің шешуші кезеңі. Сондықтан қой өсірушілер бұл маусымға тыңғылықты әзірлеліп, қойларды жылы қорамен, құнарлы азықпен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етулері керек. Қозыларға арналған жарық,

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ ХАЛЫҚ ҮКМЕТІ СОВЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІ

ПЕКИН, 13 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі 12 сентябрьде Орталық Халық Үкметі Советінің 24 (кеңейтілген) мәжілісі болғандығын хабарлады.

Мәжілісте қытай халық еріктілерінің американ агрессиясына қарсы күреске қатысуы және Кореяға көмек көрсетуі туралы қытай халық еріктілері отрядтарының командашысы генерал Пын Дәхуәй баяндама жасады. Бұдан кейін Орталық Халық Үкметі Советінің мүшелері Чжан Чжи- чжун, Фу Цзо-и, Тан Ка-ки, Совет Председателінің Орынбасары Ли Цзи-шэнь және Советтің мүшесі Чэнь Шу-тун сөз сөйледі. Мәжілісте қатысушылар қытай халық еріктілеріне арналған телеграмманың текстін бірауыздан қабылдады.

Мәжілісте Орталық Халық Үкметі Советінің Председателі Мао Цзэ-дун, Председательдің Орынбасарлары Лю Шао-ци, Сун Цзин-лин, Ли Цзи-шэнь, Чжан Лань-лань және Гао Ган, Советтің мүшелері, сол сыяқты, халықтық саяси консультативтік Советтің Халықтық комитетінің, Орталық Халық Үкметі Мемлекеттік Әкімшілік Советінің министрлері, Халық- революциялық соғыс Советінің мүшелері, қытай халық еріктілерінің өкілдері және басқалары қатысты.

ТЕГЕРАНДАҒЫ ДЕМОНСТРАЦИЯ

ПАРИЖ, 13 сентябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің тілшісі Тегераннан былай деп хабарлады: 12 сентябрьде кірпіш және цемент заводтары мен тоқыма фабрикасы жұмысшыларының демонстрациясы кезінде Тегеранның оңтүстік жағындағы бөлегінде жұмысшылар мен солдаттардың арасында соқтығыстар болған. Бұл кезде 30-ға жуық демонстранттар тұтқындалған.

Жұмысшылар саяси өкмет орындарына ұнамаған көзқарастары үшін жуық да ғана тұтқындалған өздерінің бірнеше жолдастарының жұмысқа қайтадан орналастырылуын талап еткен.

АМЕРИКАН ШОЛУШЫСЫНЫҢ АҚШ-тың ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӨНІНДЕГІ ПІКІРІ

НЬЮ- ЙОРК, 13 сентябрь. (СОТА). АҚШ-та экономикалық құлдыраушылықтың белгілерін атап көрсете келіп, «Дейли миррор» газетінің шолушысы Дрю Пирсон былай деп жазады: экономикалық мәселелер жөніндегі сауда бөлімінің кеңесшісі сауда министрлігінің лепірме мәлімдемелеріне қарамастан қоймалар мен магазиндерде товарлардың көптеп жыйналғандығын президентке ескерткен. Сатып алу қабілеті төмендеп отыр. Жұмысшылар жалдаушылардың кеңілдері қуанышты емес. Июль айында кәсіпорындарында жалданылған жұмысшылардың саны 1949 жылдың июльнен бергі барлық айлардағы ең төмен көрсеткіш болып отыр.

УРУГВАЙДАҒЫ ЕРЕУІЛДЕР

МОНТЕВИДЕО, 12 сентябрь. (СОТА). Уругвайдың бірқатар автономиялық кәсіпорындары және жұмысшыларды жал-

істейтін колхозшыларды тұрақтандыру ісіне әлі де жете көңіл бөлмей жүр. Мысалы, Куйбышев атындағы колхоздың басқарма мүшелері, оның председателі Стаценко жолдас, ферма кадрларын тұрақтандыруды қамтамасыз етпей-ақ келеді. Мұнда шопандық, сол сыяқты, қозы күтушілік міндетті істің жайын білмейтін адамдарға тапсыра салу әдеті бар. Осы себептен колхозда қой өсіру жоспары орындалмады. Саулықтың қысыр қалуына жол берілді. Әрбір 100 саулықтан небары 86 ғана қозы алынды. Қойдың да, қозының да шығыны болды.

Қой шаруашылығын өркендету үшін ең алдымен қой фермаларын қолынан іс келетін адамдармен толықтыру, оларды тұрақтандыру қажет. Міне, сонда ғана қой шаруашылығын өркендетуде айтарлықтай табысқа жетуге болады. Бұл жұмысқа аудан басшыларымен бірге колхоздардың, совхоздардың да басшылары ерекше көңіл бөлуге тиіс.

М. БАНКОВА,

Конюхов аудандық ауылшаруашылық және дайындау бөлімінің бас зоотехнигі.

мен қозыларға жылы орын, құнарлы азықты керегінше дайындап аламыз. Әсресе, қозылардың орны жарық, жылы, құрғақ болуына жете назар аударамыз. Қысты күндері қойларды уақытылы азықтандырып, суарып тұрамыз.

Біз қойларды жаздың алғашқы күнінен бастап, төрт отарға бөліп бағып келеміз. Әрбір отарға жайылымдар бөлініп берілген. Кезіргі уақытта қойлар егіні орылған аңыздағы жарық шөптерде бағылып жүр. Осылай жазғы-күзгі жайылымдарды дұрыс ұйымдастыру арқылы қойларды қысқы маусымға осіз күйде әкеліп жүрміз. Мұның өзі төл алу, мал қыстату маусымдарының табысты өтуіне мүмкіндік береді.

Үстіміздегі жылдың алғашқы 7 айы ішінде біздің колхозта қой шаруашылығынан 70 мың сом ақшадай кіріс кірді. Жыл аяғына дейін тағы да 30 мың сом ақшадай табыс табу көзделіп отыр.

Кезір шопандар қойларды күзгі жайылымдарға бағу, саулықтарды қолдан ұрықтандыру жұмыстарымен бірге мал қыстатуға тығылықты әзірленуде. Фермада 250 қозы тұратын стандартты жылы, әрі жарық қора салынды. Ескі қоралар жөнделіп, 6 мың центнер құнарлы азық дайындалды. Қоралар қасына мал азығы тасылуда. Бұдан былай да қой шаруашылығын өркендете отырып, мал шаруашылығы өнімінің молшылығын жасау ісіне келелі үлес қоса береміз.

Н. ФРИДРИХ,

Булаев ауданы, Буденный атындағы колхоздың аға шопаны.

дардың, совхоздардың басшылары, сол сыяқты, мал шаруашылығының мамандары февраль, март айларында төл алу маусымын ұйымдастыруды дұрыс деп есептемейді. Олар қыстың күні алынған қозыларды өсіру үшін көптеген құнарлы азық, жылы үйлер керек деп, шөп шығынын есептейді де, төл алу маусымын апрель, май айларында өткізгенді жөн көреді. Бұл дұрыс емес. Әрбір саулықтың қысыр қалмауы, бірде-бір қозының шығын болмауы үшін төл алу маусымын февраль, март айларында өткізу керек. Ол үшін төлдерге жарық, жылы, әрі құрғақ үйлерді жеткілікті мөлшерде дайындап, құнарлы азықтың берік қорын жасау керек.

Қызылы совхозының қой өсірушілері мен мал мамандары Қызылоскер қой совхозының төрт жылғы іс тәжірибесінен қорытынды шығара отырып, биыл қой шағылыстыру маусымын 2 сентябрьден бастады. Бұл —алдағы февраль, март айларында қозы алынады деген сөз. Сондықтан біздің мал өсірушілерімізге төлдерге қажетті жылы, жарық, әрі құрғақ үйлерді, құнарлы азықты жеткілікті мөлшерде дайындады.

Қой шағылыстыру маусымын осы мезгілде өткізу бірде-бір саулықтың қысыр қалмауын, алынған қозының өсімтал болуын қамтамасыз етеді. Осы себептен мен облыс мал өсірушілеріне қой шағылыстыру науқанын сентябрь, октябрь айларында өткізуді ұсынамын.

Ө. ЖАНПЕЙІСОВ.

Қызылы совхозының бас зоотехнигі.

таза, жел өтпейтін, қар кірмейтін үйлерді мол дайындау —мал өсірушілердің басты міндеті.

Осы айтылған шараларды жүзеге асырған жағдайда ғана биязы және жартылай биязы жүнді қой шаруашылығын өркендетуге болады. Алайда, кейбір колхоздардың басшылары қой шаруашылығының ерекшеліктеріне жете мән бермейді. Мәселен, Булаев, ауданындағы «Коминтерн» колхозының председателі Кухаренко жолдас саулықтарды қолдан ұрықтандыру пунктінің жұмысын тоқтатып тастаған. Сөйтіп, ол төл алу маусымының февраль, март айларында өтуіне мүмкіндік тұғызбай отыр.

Биязы және жартылай биязы жүнді қой шаруашылығын өркендету үшін мал өсірушілер мал тұқымының асылдандырылуына, төл алу мен мал қыстату маусымдарының үлгілі өткізілуіне жетісулері керек. Қой өсірушілердің алдында тұрған кезіргі міндет, міне, осы.

А. ОЛЬШЕВСКИЙ,

Булаев Госплемрассаднигінің зоотехник- селекционері.

Қойды көп өсіріп, өнімділігін арттыра беру—маңызды міндет

СССР Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарлары халықтың әл- ауқат мәдени тұрмыс дәрежесін барған сайын арттыра беру мақсатымен мал өсірушілердің алдына орасан зор міндеттер қойды. Ол—малдың тұқымын асылдандыру, осы арқылы олардан алынатын өнімді еселеп арттыру болып отыр. Бұл жағдай халқымыздың мал шаруашылығы өнімдеріне деген қажетін өтейді және жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етеді.

Бұл міндетті аброймен орындауға облысымыздың колхоздары мен совхоздарында күш- мүмкіншілік жеткілікті. Оған алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздардың, қой өсірушілерінің іс тәжірибелері толық дәлел бола алады.

Булаев ауданындағы Буденный атындағы колхоздың қой фермасы жылдан жылға өркендей түсуде. Соңғы жылдардың ішінде колхозда қойлардың тұқымы негізінен асылдандырылды. Мұнда саулықтарды шағылыстыру маусымы зоотехникалық- малдәрігерлік ережелерге сай өткізіледі. Қой өсірушілер төл алу және мал қыстату маусымдарын үлгілі өткізіп, айтарлықтай табыстарға жетуде. Бұл колхозда қой өсірудің жылдық жоспары кезіндің өзінде 120 процент орындалып отыр.

Осы сыяқты, Преснов ауданының «Жизнь», Совет ауданының Каганович атындағы колхоздарының қой фермалары кезіндің өзінде айтарлықтай табыстарға ие болып келеді. Бұларда қой өсіру, төл алу жоспарлары артығымен орындалса, мемлекетке жүн тапсыру жоспарлары мерзімінен көп бұрын орындалып отыр.

Бұл сыяқты алдыңғы қатарлы фермалардың табысқа жетуінің сыры неде? Қой фермалары маман мал өсірушілермен толықтырылған. Олар өздерінің жыл бойғы жұмыстарының табысты болуы үшін қойларды бағып, күтуді тек қана зоотехникалық- малдәрігерлік ережелерге сай жүргізеді. Қойларды шағылыстыру маусымы ұйымдасқан түрде өтеді. Бұларда саулықтарды қолдан ұрықтандыру, оларға өнімді мол беретін асыл тұқымды қошқарларды пайдалану кеңінен қолданылады. Саулықтарды шағылыстыру тек сентябрь және октябрь айларында өткізіледі. Бұл кезде саулықтардың қоңы жақсы болады да ,олардың қысыр қалушылығы жойылады. Фермаларда қойларды жазғы-күзгі жайылымдарда бағу, қыстың күні қораларда күту тығылықты ұйымдастырылады.

Қой шаруашылығы өнімін еселеп арттыру колхоздың табысын молайтуға, сөйтіп, колхозшылардың әл-ауқат, мәдени тұрмыс дәрежесін жақсарта беруге мүмкіндік тұғызады. Өткен жылы Булаев ауданындағы «Красное знамя» колхозы қой шаруашылығынан 113 мың ақшадай табыс тапты. Бұл фактінің өзі қой шаруашылығын өркендету ісінің маңызы ерекше күшті екендігін, қой шаруашылығы —мал шаруашылығының өнімді мол беретін, табысты саласы екенін дәлелдейді.

Облысымыздың колхоздары мен совхоздарында қой шаруашылығын еселеген қарқынмен өркендетуге күш- мүмкіншілік жеткілікті. Қойларды жылы қорамен, құнарлы азықпен қамтамасыз етуге керекті жағдайдың барлығы да бар. Алайда, осы күш- мүмкіншіліктер қой шаруашылығын өркендетуге, одан алынатын өнімді молайтуға жеткілікті пайдаланылмай отыр. Осының салдарынан 1 сентябрьге дейін облыс колхоздарында қой өсірудің жоспары небары 93,9 процент ғана орындалды. Әсресе, биязы жүнді және жартылай биязы жүнді қойларды өсіруде елеулі кемшіліктерге жол берілді. Ал, қойлардан алынатын өнім мүлдем аз болып отыр. Көптеген колхоздар мен совхоздарда әрбір қойдан орта есеппен небары 1,6—1,8 килограмнан ғана жүн алынды.

Жақында облысымыздың мал шаруашылығы мамандарының жыйналысы болып, онда қой шаруашылығының жағдайы және оны өркендету міндеттері туралы мәселе қаралды. Сондай-ақ, қой фермаларының жұмысындағы орын алып отырған кемшіліктердің сыры ашылды.

Өткен жылы көп қойдың шығын болғандығын және қой шаруашылығынан өнімнің аз алынғандығын жасыруға болмайды. Бұл—қойларды күтуде зоотехникалық- малдәрігерлік ережелердің ерескел бұрмалануынан, саулықтарды шағылыстыруды дұрыс ұйымдастырмағандықтан болған іс.

Қой шаруашылығын өркендетудің жайы, әсресе Приозерск ауданының колхоздарында өте-мөте нашар болып отыр. Бұл ауданда өткен жылы саулықтардың 40 проценті қысыр қалды. Мұның үстіне 3 мың бас қой шығын болды. Мұндай кемшіліктер басқа аудандарда да болды.

Осы кемшіліктерді дереу жоюға, сөйтіп, қой шаруашылығын жедел өркендетуге біздің облысымыздың әрбір совхозында, колхозында күш-мүмкіншілік бар. Ол үшін қой өсіруде алдыңғы қатарлы қой фермаларының іс тәжірибелері мен зоотехникалық -малдәрігерлік ережелерді батыл қолдана білу керек.

Көп колхоздар мен совхоздардың басшылары қой фермаларында жұмыс істейтін адамдарды тұрақтандыруға жеткілікті мән бермейді. Олар қойшылардың жиі-жиі ауысуына жол береді. Басты кемшіліктің бірі осында болып отыр. Сондықтан әрбір қой фермасы мал өсіруде тәжірибесі бар адамдардан толықтырылып, олардан жұмыстың табысты болуын талап етіп отыру керек. Жекелеген колхоздарда қой өсірушілерге қосымша еңбекақы төртібі дұрыс ұйымдастырылмаған. Оларға бұл тәртіп түсіндірілмеген. Мұның өзі фермалардың жұмысына едәуір нұқсан келтіріп келеді.

Біз қой шаруашылығынан алынатын өнім облыс колхоздарында өте-мөте нашар дедік. Бұл кемшіліктің жою үшін қойлардың тұқымын асылдандыру мәселесіне жете көңіл бөлуіміз керек. Қойлардың тұқымын асылдандырмайынша олардан жүнді, етті мол алуға болмайды. Кезір облыс колхоздарында Алтай өлкесінен әкелінген «элитті» деп аталатын асыл тұқымды қошқарлар бар. Қойдың бұл тұқымы Алтай өлкесінде өнімді мол беруде. Ал, Алтай өлкесі мен біздің облыстың жағдайы, демек, ауа райы бірдей. Сондықтан бұл қошқарларды жақсы күтімде ұстап, оларды қой шағылыстыруға жақсы әзірлеу керек. Сөйтіп, саулықтарды қолдан ұрықтандыру әдісін кеңінен қолдану қажет. Осы жағдайда ғана әрбір қойдан жылына 4—5 килограмнан жүн алуға жетісуге болады.

Қой шаруашылығын өркендетудегі маңызды мәселенің бірі—төл алу маусымын үлгілі ұйымдастыру. Облысымыздың колхоздары мен совхоздарында қозылардың шығын болуы көптеп кездеседі. Бұл кемшілікті болдырмаудың негізгі бір шарасы —төл алу маусымын февраль, март айларында өткізу болып есептеледі. Өйткені, бұл кезде алынған қозылар суыққа төзімді болып өседі де, көктем кезіндегі салқын желге төзімді болады. Мұнымен бірге, қыс күндері туған қозылардан, жаз күндері туған қозыларға қарағанда жүн мол алынады. Кейбір колхоздардың басшылары төлдер тұратын үйлерді дайындау жұмысын қыйынсынып, төл алу маусымын апрель, май айларында өткізеді. Бұл дұрыс емес.

Қой шаруашылығын өркендетуде малды құнарлы азықпен қамтамасыз ету ісінің маңызы зор. Қысты күні қойлардың шығын болуы мал азығының таршылығынан және оның құнары кемдігінен де болып келеді.

Облыс колхоздары мен совхоздарында қой шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстары механикаландыру ісіне әлі күнге дейін жеткілікті назар аударылмай жүр. Үстіміздегі жылы облысымызда қойлардың жүнін механика күшімен қырқу жоспары 61 процент ғана орындалды. Қойлардың жүнін механика күшімен қырқуға күш- мүмкіншілік бар. Бірақ, МТС басшылары қойларды қырқатын агрегаттардың өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз етпей келеді. Осының салдарынан Октябрь, Преснов аудандарында көп қойлардың жүні қолмен қырқылды, жүн ысырап болды.

Облыс қой өсірушілері қой шаруашылығындағы жоғарыдағы айтылған кемшіліктерді жоя отырып, мал шаруашылығының бұл саласында жаңа табыстарға жететіндігі сөзсіз. Олар қойлардың тұқымын асылдандыру проблемасын таяудағы уақытта шешіп, қой шаруашылығынан алынатын өнімді еселеп арттырады. Сөйтіп, қой шаруашылығын мал шаруашылығының өнімді мол беретін саласына айналдырады. Ал, мал шаруашылығының мамандары қой өсірушілерге нақтылы көмек көрсетіп отыруға тиіс.

В. ГМЫЗИН,

Облыстық ауылшаруашылық және дайындау басқармасының қой шаруашылығы бөлімінің бастығы.

пай жұмыстан босатуға қарсы наразылық ретінде бір ай бойына ереуіл жасап жатқан «Фунса» заводының жұмысшыларына ынтымақтастық білдіріп, 24 сағаттық ереуіл жариялаған. Газет басып шығарушылар, оны таратушылар және сатушылар жұмысты тоқтатқан. 11 сентябрьде бірде-бір газет шықпаған. Қалалық транспорттың қызметкерлері, шыны өнеркәсібінің жұмысшылары және басқалары ереуіл жасаған. Монтевидеода ереуілшілерге ынтымақтастық білдіру митингтері өткізілген.

ОҢТҮСТІККОРЕЯЛЫҚ ЛАГЕРЬЛЕРДЕГІ СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

ЛОНДОН, 12 сентябрь. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің Паньмыньчжоньнен берген хабарына қарағанда, уақытша келісім шарттарының орындалуын бақылау комиссиясы индиялық офицер елдеріне қайтаруды өтінетін тұтқындардың саны барған сайын көбейіп отырғандығын мәлімдеген. Бұл тұтқындардың көпшілігі денелеріне зорлықпен гоминдандықтардың ұранын жазуға наразылық білдірген. Офицердің сөзіне қарағанда, кеше елдеріне қайту тілегін білдірген соғыс тұтқындарының ішінен 9 адам бөлек орынға ауыстырылған.

БІРТОП ҚЫТАЙЛЫҚ СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫНЫҢ ИНДИЯ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ҚАРАМАҒЫНА БЕРІЛУІ

ПЕКИН, 12 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Кәсоннан берген хабарына қарағанда, кеше американ жағы тікелей елдеріне қайтарылуға жатпайтын қытай халық еріктілерінің 904 тұтқынын индиялық әскерлердің қарамағына берген.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ПАРМДЫ МЕКЕНДЕУШІ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЛЕВ ТОЛСТОЙ»

Сеанс сағат 4-те басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық тұтынушылар одағына машинистка КЕРЕК. Еңбек ақы смета бойынша төленеді.

Адрес: Петренев көшесі, 64-үй. Кадр бөлімі.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат—1-33, партия бөлімі —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі—3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02010. Қазақ ССР, Мәдениет министрлігінің полиграфия өнеркәсібі мен баспа Бас Басқармасының № 18 мемлекеттік баспаханасы. Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.